

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртінуге  
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.  
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.  
Дәрумендер терапиясы  
Психологиялық жаттығулар  
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.  
Дем алу, сергіту жаттығулары.  
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

**3. Тыңдалды: Меңгеруші Ниетова Күләйпа Әзімқызы** сөз алып, өтілген ашық кірілімдердің жақсы өтілгендігін , зияткерлік дағдының «Шамаларды өлшеу » тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына , денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түргізіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық көрсетілімде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.  
**1Сөз сөйлегендер: Әдіскер** Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы ашық көрсетілімнің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу іс-әрекетіне белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

4.

#### **Шешім: ШЕШІМ:**

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу іс-әрекетінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық көрсетілімдерге қатысуы қадағалалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы  
Хатшы



Ниетова Күләйпа Әзімқызы  
Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы

**ЖШС «Нұр-ДанаГС+» бөбекжай-бақшасы  
№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты: 13.03.2024ж**

**Тақырыбы:** «Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».

**Мақсаты:** Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

**Қатысқандар: 12**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3. Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4. Психологиялық тренинг «Телефон»

Балабақшамыздың меңгерушісі Ниетова Күләйпа Әзімқызы педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**1. Тыңдалды:** Балабақша әдіскері Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсетті.

- Танертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары ( танертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар). Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

**1 Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Хасен Салғанат Рахматулловна** Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

**2. Тыңдалды: Әдіскер** Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы Балабақшаға танертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты. Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған

ағзасы толық тынықпай, баланың денсаулығына зиянын тигізеді. Күндізгі ұйқы 2-2,5 сағатқа созылуы мүмкін. Түскі ұйқы 3-5, жастағы балаларға оқу қызметі барысында берілген ақпаратты есте сақтауға көмектеседі. Жалпы бүлдіршіндер 11-13 сағаттан ұйықтау керектігін де ескертті. Балабақшада дене жаттығулары мынандай түрлерге бөлінеді: таңертеңгі жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, ең қабілеттілігі артады, балаларды тәртіптендіреді. Таңертеңгі жаттығу балалар бақпасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген бірқалыпты қимыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тынышталады, ал белсенділігі төмендері белсенділенеді. Тәрбиешінің түскі ұйқыдан кейінгі сергіту гимнастикасын дұрыс таңдауы баланың дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер беріп, күні бойы сергек жүруіне ықпалын тигізеді. Ұйқыдан ояту кезінде 1-1,5 минут ақырын, ырғақты әуен қойып, оянудың міндетті шарттарын сақтай отырып, баланың жәймен оянуына мүмкіндік беру керек.

Түскі ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі кезендері:

Төсектегі жаттығулар;

Ойын түріндегі жаттығулар мен массаждар; Табанға арналған төсеніш үстімен жүру.

Бала бастапқы қалыпта арқасына жатады, қолын денесінің бойымен ұзыннан созып, денесін еркін ұстап тыныштықта болады. Алдымен төсекте орындалатын қарапайым керілу жаттығуларын жасатып, содан соң «Велосипед», «Мысық», «Ит», «Кемпірқосақ», «Қайық» секілді күрделі қол мен аяқтарын көтеру арқылы жасалатын жаттығуларға көшкен дұрыс деп ойын аяқтады.

**Шешімі:** Күн тәртібіндегі жаттығулар тізбегін қадағалау, жауапты, әдіскерге, медбикеге және топ тәрбиешілері бекітілсін.

**Жиналыс төрайымы:** Меңгеруші: Ниятова Күләйпа Әзімқызы

**Жиналыс хатшысы:** Әдіскер: Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы



### №3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқаны: 12 адам

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібіндегі мәселелер.

15.01.2024 ж

**Тақырыбы:** «Балабақшадағы дене шынықтыру сауықтыру, спорттық мерекелердің ұйымдастыру маңыздылығы.»

**Дөңгелек үстел**

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің дамуын ұйымдастыру жұмыстарының түрлері
3. Күн тәртібіндегі дене жаттығулары, таңғы гимнастика, күндізгі ұйқыдан кейінгі дене жаттығулары

Тыңдалды:

**Бірінші мәселе бойынша** меңгеруші Ниетова Күләйпа Өзімқызы өткен пед кеңестің шешімі бойынша күнделікті тәрбиешілердің жұмысына жақсы деген баға берді. Дамыту ортасына қойылған ойыншықтардың санитарлық гигиеналық психологиялық талапқа сай екендігін айтып өтті. Топ тәрбиешілері мен әдіскер Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы алғыс білдірді. Жарыс сөзге шыққан тәрбиешілер ата-аналардың тарапынан ризашылық сезімдерін білдірді.

**Екінші мәселе бойынша** «Еркемай» ересек тобының тәрбиешісі Адилова Ақмарал Жалғасбайқызы мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің дамуын ұйымдастыру жұмыстарының түрлерінің өте көп екендігін, осының бәрі бала денсаулығын арттыру мақсатына арналғанын айтып өтті. Өзінің жыл бойына өткізген спорттық ойындары мен түрлі ойындары туралы әріптестермен бөлісті.

**Үшінші мәселе бойынша** балабақша медбикесі сөзге шықты. Дене тәрбиесінің мақсаты баланың денсаулығын сақтау және нығайту, Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсарту, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшада бала денсаулығын нығайту және сақтау ең бірінші кезектегі мәселе. Баланың жүйке жүйесі сыртқы ортаның әртүрлі әсеріне сезімтал келетіндіктен балалар тез шаршайды, сондықтан ұзағырақ тынығуды қажет етеді.

Демалыстың ең басты түрі ұйқы. Ұйқы кезінде адамның орталық жүйке жүйесі тынығады, сол кезде жүрек соғысы азайып, тыныс алуы баяулайды, бұлшықеттері босап, ағза толық демалады. Егер бала ұйқысы шала болса,

Онда барлық топтардың құжаттары тексеріліп өткізілгені туралы және ол құжаттар арнайы құрылған комиссиямен сарапталып құжатжайға тапсырылатынын айтты.

**Шешімі:** Арнайы құрылған комиссиясының тексеруімен құжаттар құжатжайға өткізілсін.

#### **6. ТЫҢДАЛДЫ:**

Әр түрлі мәселелер бойынша, балалардың тазалығы түгелімен медбикеке жүктеліп апта сайын тазалықтың қорытындысы жазылып отырылсын.

Келесі мәселе күнделікті өтетін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті уақытымен барлық көрнекіліктері уақытымен шығарып өткізілсін деп тапсырылды. Тәрбиешілер бір ауыздан келісті.

#### **Шешімі:**

Тазалық сақталып күнделікті тексеру жұмыстары жүргізілсін

Тәрбиешілерге келесі пед кеңеске тапсырмалар берілді сол тапсырманың тиінақты орындалуын тексеру

Әр педагог қағаздарына, көрнекіліктеріне ұқыпты болуы қажет.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Менгеруші:  Ниетова Күләйпа Әзімқызы

Хатшы әдіскер:  Қошаханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы



шараларға тоқталды. Қыркүйек айында білім күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Қазан айында тіл мерекесіне, ұстаздар күніне орай тәрбие сағатын, алтын күз мерекелік ертеңгілік өткен. Қараша айында балабақшаның жылдық жоспары бойынша, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткен. Желтоқсан айында тәуелсіздік мерекесіне орай ашық тәрбие сағатын, жаңа жыл мерекесінің ертеңгілігін өткізген.

Әрбір топтың жоспарларына сәйкес ата-аналар жиналысы өтіп, онда қаралған және шешімін тапқан мәселелерді атап өтті.

Балабақша логопеді өзінің жылдық жоспарына сәйкес тіл кемістігі бар балалармен жүргізілген жұмыс пен жылдың соңына қарай көрсеткен нәтижелерін айтты.

**Шешімі:** Балабақша педагогтарының бірінші жарты жылдық қорытынды есебі тыңдалсын.

### **3. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айта келе, ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды. Ол тесттің қорытындысы бойынша, Кіші «Айгөлек» және «Балбөбек» тобының балалар саны 59 бала, олардың ішінде 3 баласы жоғары білім деңгейін, 39 баласы орта, 17 баласы төмен білім деңгейін көрсетті. Ортаңғы топ бойынша «Күншуақ» және «Бәйтерек» тобының балалар саны 55 бала. Олардың 15 баласы жоғары білім деңгейін, 26 баласы орта білім деңгейін, 14 баласы төмен білім деңгейін көрсетті.

Ересек топ бойынша «Еркемай» тобының жалпы бала саны 36 бала. 17 бала жоғары білім деңгейін, 12 баласы орта білім деңгейін, 7 баласы төмен білім деңгейін көрсетті.

**Шешімі:** Ересек топ балаларының мектепке дайындығы жайында кеткен олқылықтар ескеріліп, алдағы уақытта сол тұрғыда жұмыс жасалсын.

### **4. ТЫҢДАЛДЫ:**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

**Шешімі:** Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

### **5. ТЫҢДАЛДЫ:**

Топ құжаттарының орындалу жүйесі бойынша балалақша әдіскері сөйледі.

# «Нұр-ДанаГС+» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ

## №2 Педагогикалық кеңес

**Өткізілген уақыты:** 09.01.2024

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы.

**Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің комуникативтік, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.

Қатысқандар саны: 8

### Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиешілердің, психологтың, медбикелердің бірінші жарты жылдықтың есебі
3. Бастапқы, аралық оқу мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
4. Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысы
5. Әр түрлі мәселелер:  
Балалардың балабақшадағы тазалығы  
Тәрбиешілердің күнделікті сабаққа дайындығы

### Қаралды

#### 1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды.

#### 1. СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Балабақша әдіскері №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша есеп берді. Онда топ тәрбиешілеріне жүктелген көрнекіліктерді жасау бойынша тапсырманың орындалғанын, циклограммаға ескерту айтылған топтардың түзету жұмыстарын жүргізгенін айтты.

#### 1. ШЕШІМІ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

#### 2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша барлық топтың тәрбиешілері, медбике оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешінің өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-

13. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

14. Бөбекжай-бақша жұмысында негізге алынсын.

а)

б)

в)

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Генерал

Хатшы: \_\_\_\_\_





5. 2023ж. балабақша түлектерінің қала мектептеріне түскен қорытындысымен тәрбиешілер, әдіскер таныстырып өтті.
6. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен тәрбиешілер таныстырып өтті.
7. Жаңа 2023- 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша міндеттерін меңгеруші К.Ә Ниетова бекітті.
8. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші К.Ә Ниетова бекітті.
9. Аттестация комиссиясының құрамын меңгеруші К.Ә Ниетова сайлады.
10. Шығармашылық топ мүшелерін меңгеруші К.Ә Ниетова сайлады.
11. Өртүрлі мәселелер талқыланды.

### ШЕШІМІ:

1. ЖШС «Нұр-ДанаГС+» бөбекжай-бақша меңгерушісі К.Ә Ниетова жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023 жылғы бөбекжай-бақшаның түлектерінің қала мектептеріне түсу қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Қорытынды педагогикалық кеңесіне мад сынып оқушылары балабақша түлектерінің оқу нәтижелерін бақылау және жариялау. Жауапты - тәрбиешілер: Курманалина Ж.С
5. Балабақшаға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырсын.
6. 2023 - 2024\_ оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Жаңа оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі бекітілсін.
9. Аттестация комиссиясының құрамы бекітілсін  
Төрайымы \_\_\_\_\_;  
Комиссия мүшелері - \_\_\_\_\_;  
Хатшы - \_\_\_\_\_.
10. Шығармашылық топ бекітілсін  
Жетекшісі \_\_\_\_\_;  
Топ мүшелері - \_\_\_\_\_;  
Хатшы - \_\_\_\_\_.
11. Хатшылар бекітілсін,  
Педагогикалық кеңестің хатшысы - \_\_\_\_\_;  
Меңгеруші жанындағы өндірістік жиналыс хатшысы - \_\_\_\_\_;  
Семинарлар, кеңестер хатшысы - \_\_\_\_\_;  
Ашық есіктер хатшысы - \_\_\_\_\_.
12. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

## Педагогикалық кеңес № 1

Өткен күні: 28.08.2023ж

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар:

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы  
Жауапты: меңгеруші :К.Ә Ниетова
2. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі  
Жауапты: медбике :К.Ж Абдуллина
3. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы  
Жауапты: әдіскер :Э.А Салықбаева
4. 2023ж. балабақша түлектерінің қала мектебіне түсу қорытындысы  
Жауапты: тәрбиешілер : Қазыбаева Г.О Курманалина Ж.С
5. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы  
Жауапты тәрбиешілер: Қазыбаева Г.О Курманалина Ж.С
6. 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.  
Жауапты: меңгеруші :К.Ә Ниетова
7. Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.  
Жауапты: меңгеруші :К.Ә Ниетова  
әдіскер : Э.А Салықбаева
8. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.  
Жауапты: меңгеруші :К.Ә Ниетова
9. Аттестация комиссиясының құрамын сайлау.  
Жауапты: меңгеруші : К.Ә Ниетова
10. Шығармашылық топ мүшелерін сайлау.  
Жауапты: меңгеруші : К.Ә Ниетова
11. Әртүрлі тақырыптарды талқылау.

### ТЫНДАЛДЫ.

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі К.Ә Ниетова сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.
2. 2023 - 2024 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
3. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
4. Әрі қарай әдіскер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.